

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР
ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ

ТЕҢІЗ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНСТИТУТЫ

«ҚҰРЫЛЫС» КАФЕДРАСЫ

СҮГІРОВ Ж.Ө. ЕСЕЕВА Л.Б.

5В090300-ЖЕРГЕОРНАЛАСТЫРУ, 5В090700-КАДАСТР
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІНЕ ДИПЛОМ АЛДЫ ЖӘНЕ
ӨНДІРІСТІК ТӘЖІРИБЕДЕН ӨТУ ТУРАЛЫ

ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

АҚТАУ 2011

ӘОЖ 528.4

Пікір жазғандар

Нигметов М.Ж., техника ғылымының
кандидаты.

Кожухмет Қ.А., геология-минерология
ғылымдарының кандидаты, профессор.

5B090300-Жергеорналастыру, 5B090700-Кадастр мамандықтарының студенттеріне диплом алды және өндірістік тәжірибеден өту туралы әдістемелік нұсқау – Ақтау: Триумф – Т, 2011-10 бет.

Диплом алды және өндірістік тәжірибеден өту туралы әдістемелік нұсқауда күндізгі оқитын студенттерді тәжірибеден өту күнделігін толтыру әдістерімен таныстыру және олардың мамандық бойынша теориялық білімін жүйелеу, кеңейту және бекіту, сонымен қатар алған білімдерін нақты ғылыми, техникалық, экономикалық және өндірістік мәселелерді шешуде қолдану және де студенттің өндірістік деңгейде өзі жұмысты орындауға дағдыландыру, кәсіби компетенция деңгейін анықтау.

Әдістемелік нұсқау типтік оқу бағдарламасы негізінде 5B090300-Жергеорналастыру, 5B090700-Кадастр мамандықтарының білім және ғылым министрлігінің жалпыға міндетті білім стандартына сәйкес дайындалған

Сүгіров Ж.Ө.
Есеева Л.Б., 2011ж.

© Ш. Есенов атындағы КМТЖИУ

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Жер заңдарына сәйкес жер мемлекеттік меншік болып табылады, сонымен қатар жер сатылмайды, жер тұрақты немесе уақытша ұзақ мерзімге пайдалануға беріледі.

Жерге орналастыру деген – жерді ұтымды пайдалануды ұйымдастыру мен қорғауға арналған шаралар жүйесі болып табылады.

Жерге орналастыру, жұмыстары атқарушы жер учаскесі иелерінің және жер пайдаланушының өтініші бойынша, сонымен қатар жер ресурстарын басқару жөніндегі атқарушы органдардың шешімі бойынша жүргізіледі.

Жерге орналастырудың – ішкі шаруашылық жерге орналастыру; және – шаруашылық аралық жерге орналастыру деген екі түрі бар.

Жерге орналастырудың негізгі мақсаты – жерге орналастыру жұмыстарын реттеу, агрегаттарды ұтымды және тиімді пайдалану, сонымен қатар еңбек шығынын жұмсап, өнім алу.

Жер кадастры – жердің табиғат шаруашылық және құқықтық жағдайынан мәлімет алуға, құжаттарды дайындауға, сақтауға бағытталған жүйелі шаралар.

Жер кадастрының міндеті – жердің пайдалануын, иеленуін тіркеу, көлемі мен сапасын есепке алу, сапасын айыру және жерге экономикалық баға беруін жүзеге асыру.

1.Жалпы ережелер

Әдістемелік нұсқаудың мақсаты өндірістік тәжірибенің ортақ талаптарын бекіту болып табылады.

Өндірістік тәжірибе оқу процесі аяқталу этапында жүргізіледі. Оның соңғы нәтижесі болып мамандық бойынша теориялық білімді жүйелеу, кеңейту және бекіту, сонымен қатар алған білімдерін нақты ғылыми, техникалық, экономикалық және өндірістік мәселелерді шешуде қолдану және де студенттің өндірістік деңгейде өзі жұмысты орындауға дағдыландыру, кәсіби компетенция деңгейін анықтау.

2.Өндірістік тәжірибенің мақсаты мен міндеті

Студенттің өндірістік тәжірибелері теориялық білімді бекіту және жер – мүліктік кешеннің объектілерінің кадастрмен, жер мониторингі және жерге орналастырумен байланысты жұмыстарды орындау тәжірибесін жинау, мақсатында жүргізіледі.

Тәжірибенің міндеті:

1.Өндірістік тәжірибені жинау:

- жылжымайтын мүліктің Мемлекеттік кадастрын жүргізу;
- жерге орналастыру, жер кадастры, жылжымайтын мүліктің кадастры бойынша жобалық іздененіс және топографиялық – геодезиялық жұмыстарды жүзеге асыруға қатысу;
- ағымдағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік жер бақылауды жүргізуге қатысу;
- кадастрлық карталар құру және кадастрлық ақпараттық жүйелер қалыптастыру кезінде ақпараттық технологиялар, модельдеу және заманға сай техниканы пайдалану;
- жылжымайтын мүлікті техникалық инвентаризациялау;
- жер учаскелері мен басқа да жылжымайтын мүлік нысандарын бағалауды жүргізуге қатысу;
- жер мониторингін жүзеге асыру.

2. Өндірістік тәжірибе бойынша есеп беруге дайындалу және тәжірибе бағдарламасы мен жеке тапсырмаға сәйкес қажетті материалдар жинау.

3. «Құрылыс» кафедрасы берген тақырып бойынша қорытынды квалификациялық жұмыстарды орындау үшін қажетті өндірістік материалдарды жинау.

3. Студенттің өндірістік тәжірибесін ұйымдастыру және өткізу бойынша іс – шаралар

Студенттің өндірістік тәжірибесін ұйымдастыру үш кезеңнен тұрады және іс – шаралар кешенін мынадай күнтүзбелік мерзімдерде орындалуын қарастырады.

1 – кезең Дайындау

- 1.1. тәжірибе нысанын, яғни мекемені таңдау;
- 1.2. мекемеден студентті тәжірибеге қабылдау мүмкіндігі туралы өтініш хат алу;
- 1.3. студентердің тәжірибе жетекшілерін, яғни кафедра мұғалімін бекіту;

- 1.4. студенттерге өндірістік тәжірибе мәселесі бойынша ұйымдық жиналыс өткізу;
- 1.5. өндірістік тәжірибеден өтудің күнделіктерін беру;
- 1.6. тәжірибе жетекшіліктерімен кафедра мұғалімдерімен консультация жүргізу;
- 1.7. ғылыми зерттеу, жүргізуге жеке тапсырманы келісу.

2 – кезең Мекемеде өндірістік тәжірибеден өту

- 2.1. мекемеге келген соң, күн тәртібімен және қызметтік регламенттермен танысу;
- 2.2. бірінші аптада тәжірибе бағдарламасын нақтылау және жұмыстардың күнтүзбелік жоспарын құру.
- 2.3. тәжірибе уақытында мекеменің жұмыстарын регламентін нормативтік - әдістемелік құжаттарды жинау және оқып білу;
- 2.4. күнделік жазу;
- 2.5. тапсырмалармен бұйрықтарды сапалы орындау;
- 2.6. мекемедегі тәжірибе жетекшіліктерінен консультация алу;
- 2.7. кафедра мұғалімдерінің жеке тапсырмаларын орындау;
- 2.8. кафедра мұғалімінен келісілген байланыс желісі арқылы консультация алу;

3 – кезең Қорытынды

- 3.1. жетекшінің қолы және мекеменің мөрі басылған өндірістік мінездемені рәсімдеу;
- 3.2. мекеме басшылығымен диплом алдындағы тәжірибеден өту мүмкіндіктерін талқылау;
- 3.3. өндірістік тәжірибе туралы есеп беру мен күнделікті дайындау және рәсімдеу;
- 3.4. есеп беруді және жиналған материалдарды жетекшіге, яғни конференция мұғаліміне өткізу;
- 3.5. өндірістік тәжірибені қорғау (тәжірибені қорғау графигі бойынша).

4. Тәжірибені ұйымдастыру және басқару

Өндірістік тәжірибені жерге орналастыру және жер кадастрының өндірістік бөлімшелерінде өту керек. Ол мекемелердің жұмысы. Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша жүргізілуі керек және басқа мекемелер, ұйымдар және фирмалармен осы мекеменің өтініш хаттарына сәйкес келісім негізінде болуы тиіс.

Өндірістік тәжірибені өту кезінде студенттер жер кадастрлық мониторинг және жерге орналастыру жұмыстарын орындайды. Олардың тізімі бағдарлама арқылы жасалып, өндірістегі жетекші мұғалімнің КМТЖИУ келісімі бойынша түзетіледі.

Студенттер тәжірибе өткізу кезінде мынаған міндеттеледі:

1. Тәжірибеде бағдарламаларда қарастырылған тапсырмаларды толық әрі сапалы орындауға;
2. Өндірістік мекемедегі ішкі еңбек бөлінісі тәртіптеріне бағыну;
3. Қауіпсіздік техникасы, еңбек қорғау және өндірістік санитариясының тәртіптерін үйрену және қатаң сақтау;
4. Берілген құрал саймандарға жауапкершілік таныту;
5. Кафедра тапсырмасы бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарға қатысу;
6. Студенттер тәжірибе өтетін мекеме ұжымының қоғамдық өміріне ат салысу;
7. Тәжірибе күнделігін жүйелі түрде толтыру;
8. Тәжірибе жетекшісіне барлық тапсырыстарды орындағаны жөнінде есеп беру;
9. Жастарды КМТЖИУ – ға тапсыру жөнінде үгіттеу жұмыстарына қатысу;

Тәжірибе аяғында өндірістік жетекші тәжірибеден өтуші студентке өндірістік мінездемені береді. Мінездеме мынандай болуы керек: орындалған жұмыстардың түрі, көлемі және сапасы, студенттің тәртібі мен қоғамдық өмірге қатысуы, жұмысқа нақты баға береді («өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлық», «қанағаттанарлықсыз»)

Мінездемеге өндірістік жетекшінің қолы және мекеменің мөрі қойылуы керек. Студент ішкі тәртіпті бұзған жағдайда мекеме басшылығы еңбек заңнамасына сәйкес келтірілген шығынның қайтарымын сұрап университет ректорына қызметтік хат жолдай алады.

Тәжірибеден өтер алдында студенттер, практикантар кәсіпорындарға, ұйымдарға барып келісім шарт жасасады.

- практикаға студенттердің кетер алдында ұйымда барлық шараларының өтетінін қамтамасыз етеді. (инструктаж практикадан қалай рет-ретімен өтуін, техникалық қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі және т.б.)
 - өндірістегі практиканың оқу-методикалық жетекші болуын, практикадан өту уақытында студенттердің барлық мәліметтерді білуін қамтамасыз етеді.
 - студенттер аймақтарда жұмыс істегенде қатысуы.
 - практиканттардың ішкі еңбек жұмыстарын ережемен орындауын қадағалау.
 - дипломдық жұмыс жазу үшін ақпарат жинағын, сонымен қатар тәжірибе туралы есеп жазу кезінде ғылыми ізденіс жұмыстарының орындалуын бақылау
 - дипломдық жұмысты жазу үшін керекті мәліметтердің тізімін жасау.
 - практиканың есеп беруін қарастыру және олардың жұмыстарына өз үлесін қосу.
- студенттердің тәжірибеден өткен тәжірибе туралы есепті кафедра меңгерушісіне жазбаша түрде апарып беруі керек.

5. Өндірістік тәжірибенің мазмұны

Студенттер өндірістік тәжірибеден өту үшін мекемелерге, ұйым, кәсіпорындарға, фирмаларға барады. Тәжірибенің мақсаты: кәсіптік-қызметтік аудандардағы жер мүлік кешен, ұйымның жер пайдалану, аймақ, болжау, жоспарлау мен жер пайдалану жоба және рациональды қолдану мен жерді қорғау, есепке алу, мекемедегі қозғалмайтын мүлікті жарамды аймақтың ақпараттық жүйенің құрылуы, жерді белгілеу және басқа да қозғалмайтын

мүлікті құру; өзіндік белгілеу құқығымен қабылдау құқықты әрекеті және қолданған жер аймақтарды және басқа да қозғалмайтын мүлікті есептеу; риэлтерлік, бағаланған және қозғалмайтын аймақ пен тағы басқа да кеңес беру қызмет жүйесін басқару және олардың хат-мәліметтерін және соған сәйкес шарттар мен қызмет істеу жүйесін басқару студенттер – практиканттар келесі түрдегі жерлік және камеральдық жұмыстарына да қатысуларына болады:

- аймақты қарауға;
 - жер түсірілімі;
 - табиғи жер аймақтарын заңдастыру;
 - жер меншігімен жер пайдалану шекарасын анықтау және қалпына келтіру;
 - жер аймақтарының шекарасының жобасын жасау;
 - тірек – белгілеу желісін құру;
 - жерді есептеу;
 - кеңес беруді қарастыру және жер орналастыру жұмыстарын жасау;
 - базадағы хаттамалар мен біріктірілген мәліметтер;
 - электрондық базамен мемлекеттік қордың аудандағы мәліметтерді басқару;
 - хаттамаларды қарау, МЖК басқа кезіндегі қателіктерін түзету;
 - құжаттарды қарау мен келісімге дайындау;
 - жер аймақтарды дайындау кезінде кеңес беру;
 - мәлімдемені, өтінішті, арызды жер өтінішке және азаматтық келіп айтқан сөздеріне жауап дайындауларын қайта қарау;
 - кіріс құжаттарымен ресми сұрау кезінде көмек беруді тіркеу;
 - жоспарлы- карталық ақпараттың, кадастрлық жер аралығын түзетү;
 - қозғалмайтын мүлікті және т.б. бағалау кезіндегі кадастрлық есеп жүргізу;
- Студенттер тәжірибеден өткен кезде ұйымдағы нормативтік сөздік мәліметтерімен, сонымен қатар методикалық жұмыстармен, инструкциясымен, сипаттамаларымен, регламенттерімен танысу қажет, техника-технологиялық өндірістік заттармен және өнім бағдарламасымен тәжірибелік жұмыстарындағы өндірістік дағдыларын білуге көмектеседі.

Қосымша тәжірибеден жетекшінің жеке берген тапсырмасын студенттер конференциясында докладты дайындау мен ғылыми ізденістер үшін мәліметтер іздейді.

Тапсырма келесімен түйінделеді:

- жинаған мәліметтерді өңдеу;
- жүйелік методпен анализ жасау;
- тәжірибе жасау;
- иллюстрациондық материал жасау, диаграммалар, схемалар, графиктер және т. б.
- іздену жұмыстарындағы заңдастыру сұрақтарына қорытынды жасау және т.б.
- ұзақ ізденіске талап ететіндерге және т.б. сұрақ қою.

Ұйымның жетекшісімен құрылым бөлімшесінің келісіміне сәйкес студенттер тәжірибеден өтетін жерлерінде жұмыс уақытының жарты күнін

өздеріне қажетті мәліметтер жинайды, беріледі және оларды алуына көмектеседі.

6. Тәжірибелік күнделікті жүргізу

Студент тәжірибеден өту кезінде «Тәжірибеден өту күнделігін» арнап және оны күнделікті толтырып отыруы қажет.

Күнделік «Құрылыс» кафедрасынан практикаға барар алдында беріледі.

Күнделікті өндірістегі және кафедра жетекшісі оны жүргізгендегі жағдайын күнделікті қарайды.

Тәжірибе аяқталғанда күнделікті міндетті түрде студент және өндірістегі жетекшісінің қолы, ұйымның мөрі болуы қажет.

Тәжірибенің күнделікпен отчет дайындау, «Құрылыс» кафедрасына сабаққа бірінші апта қалған аралықта тапсырылады.

7. Тәжірибенің қорытындысы

Өндірістік тәжірибе аяқталған кезде студенттер өндірістегі жетекшісіне, кафедраға жазбаша есеп тапсырады.

Тәжірибе туралы есеп студент жұмыс істеген кезде жинаған мағлұматтары нақты және сол ұйым, мекеме туралы қысқаша мағлұмат беруі қажет.

Студенттердің тәжірибелік жұмыстарын бағалауда келесі мәселелер қарастырылады:

-студентке тәжірибе жетекшілері берген мінездемесі және атқарылған жұмысына бағасы;

-тәжірибе есебінің мазмұны;

-тәжірибелік есепті және күнделікті безендіру және мазмұны;

-ғылыми ізденіс жұмыстарын жүргізу үшін материалдардың толыққанды болуы;

-студенттің комиссия мүшелерінің сауалдарына жауаптары.

Тәжірибелік бағдарламаны себепсіз орындамаған немесе қанағатсыздандырылған бағасын алған студенттер, жоғарғы оқу орнының ережелеріне сәйкес оқу үлгері төмен студенттерге теңеліп, оқудан шығарылады.

8. Өндірістік тәжірибе есебінің мазмұны

Студенттің өндірістік тәжірибелік есебінде келесілер қарастырылады:

Жұмыс орны (мекеме атауы, мекеменің-құқықтық формасы, тарихи мәліметтер және т.б.)

лауазымы, тәжірибенің өту мерзімі;

тәжірибеден өткен студенттің мекемесінің құрылымы;

жүргізілген жұмыстардың көлемі, түрлері, уақыты және сапасы;

жасалған жұмыстардың қысқаша мінездемесі;

жұмысты орындаудың әдістері, мекеменің технико-технологиялық ерекшелігі, пайдаланылатын бағдарламалық кешендер;

тәжірибе барысында пайдаланылатын тәжірибелік инструкциялар, әдістемелік нұсқаулар;

студенттің өз бетінше орындаған жұмыстарының нәтижелері;
жиналған өндірістік мәліметтердің реестрі;
мекеменің коллективінің өміріне араласу;
қорыта келгенде тәжірибелік бағдарламаны орындауда тәжірибелік және әдістемелік көмегі үшін тәжірибе жетекшілеріне, мамандарға алғысын жариялап, тәжірибе жүзінде өткен қызықты сәттерді қысқаша баяндау.

Ұсынылған есеп кафедра мұғалімімен, студенттің тәжірибе жетекшісімен тексеріліп, қолтаңбасымен куәландырылады.

Мәліметтер толыққанды болмаса, тәжірибелік есеп студентке қайтарылады. Студент мәліметтерді толтырып, өңдеп әкелуі тиіс.

9. Тәжірибе қорытындысы бойынша аттестация

Тәжірибе қорытындысы бойынша аттестация талаптарға сәйкес рәсімделген есепке және мекемеден берілетін тәжірибе жетекшісінің сараптамасын ескере отырып жүргізіледі.

Аттестация қорытындысы бойынша (А-4,0, А-3,67, В+ -3,33, В-3,0, В-2,67, С+ -2,33, С-2,0, С-1,67, Д+1,33, Д-1,0) бағалар қойылады.

Қосымша 1

Күнделікті толтыру үлгісі:

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

**РМҚК «Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және
инжиниринг университеті»**

_____ ИНСТИТУТЫ
_____ КАФЕДРАСЫ

КҮНДЕЛІК

_____ тәжірибесі бойынша
_____ оқуының
оқу түрін көрсету
_____ мамандығы бойынша
_____ курс студенті _____
аты-жөні

Тәжірибеге жолдама ретінде қызмет етеді,
міндетті түрде есеп беруге тіркеледі

1. КӘСПТІК ТӘЖІРИБЕГЕ ЖОЛДАМА

_____ ИНСТИТУТЫНЫҢ

_____ студенті

_____ тәжірибе өтуге жіберілді. “ ____ ” _____ 20_ж.

“ ____ ” _____ 200_ж. мерзім аралығына.

Университеттен кеткен күні « ____ » _____ 20_ж.

Институт директоры _____ А.Ж.Т.

Тәжірибе жетекшісі _____ А.Ж.Т.

2. ТӘЖІРИБЕ ӨТУІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

_____ практикант
_____ тәжірибе өтетін орынға келді.

_____ жұмысқа белгіленді.

жұмыс орны, лауазымы

_____ жұмысқа кірісті.

Қол танба, мөр

_____ аударылды.

_____ КМТЖИУ-ға іссапарға жіберілді.

5. ТӘЖІРИБЕҢІҢ ҚОРТЫНДЫЛАРЫНА СТУДЕНТТІҢ ӨЗІН ӨЗІ ТАЛДАУЫ

СТУДЕНТТІҢ ЖҰМЫСЫНА МІНЕЗДЕМЕ

(теориялық дайындығының дәрежесі, орындалған жұмыстың сапасы, еңбек тәртібі және кемшілігі орын алған жағдайда көрсетілуі қажет)

Кәсіпорын басшылығымен толтырылады

7. КАФЕДРАНЫҢ ЕСЕП БЕРУІНІҢ БАҒАСЫ МЕН СТУДЕНТТІҢ ТӘЖІРИБЕ ӨТУІН БАҒАЛАУ

(Қадір-қасиетін және кемшілігін, төрт балдық жүйе бағасын көрсетіп қысқаша пікірсарап беріледі)

Диплом алды тәжірибелік есеп үлгісі:

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Жер заңдарына сәйкес жер мемлекеттік меншік болып табылады, сонымен қатар жер сатылмайды, жер тұрақты немесе уақытша ұзақ мерзімге пайдалануға беріледі.

Жерге орналастыру деген – жерді ұтымды пайдалануды ұйымдастыру мен қорғауға арналған шаралар жүйесі болып табылады.

Жерге орналастыру, жұмыстары атқарушы жер учаскесі иелерінің және жер пайдаланушының өтініші бойынша, сонымен қатар жер ресурстарын басқару жөніндегі атқарушы органдардың шешімі бойынша жүргізіледі.

Жерге орналастырудың – ішкі шаруашылық жерге орналастыру; және – шаруашылық аралық жерге орналастыру деген екі түрі бар.

Жерге орналастырудың негізгі мақсаты – жерге орналастыру жұмыстарын реттеу, агрегаттарды ұтымды және тиімді пайдалану, сонымен қатар еңбек шығынын жұмсап, өнім алу.

Жер кадастры – жердің табиғат шаруашылық және құқықтық жағдайынан мәлімет алуға, құжаттарды дайындауға, сақтауға бағытталған жүйелі шаралар.

Жер кадастрының міндеті – жердің пайдалануын, иеленуін тіркеу, көлемі мен сапасын есепке алу, сапасын айыру және жерге экономикалық баға беруін жүзеге асыру.

Дипломдық жобаның тақырыбы «Жамбыл облысы, Байзақ ауданы жерлерін есепке алу» болғандықтан салық мөлшерін анықтау, жер кадастрлық жұмыстары, далалық жұмыстары, бағалау жұмыстары жүргізілді.

Жерді бағалау жұмыстары мынадай:

- дайындық жұмысы;
- мәліметтерді жинау мен өңдеу;
- территорияны аудандастыру;
- облыс, аймақ және республикадағы топырақ топтарының жүйелі тізімін жасау;

- жерді бағалау көрсеткіштерін есептеу мен бағалау шкаласын құру;

- шаруашылық және аудандар жерін бағалау жұмыстарын жүргізу.

Сонымен қатар есепке алу жұмыстарын да жүргізеді. Есепке алу кезінде мына деректерді көрсету міндетті болып табылады:

- жер учаскесі иесінің немесе пайдаланушының аты-жөні;

- жер учаскесінің көлемі;

- жер учаскесіне меншіктің нысаны;

- жер учаскесінің мақсаттық тұрғысы;

- жер учаскесін пайдалануға шектеу;

- жер учаскесінің бөлінетіндігі немесе бөлінбейтіндігі;

- жер учаскесінің кадастрлық нөмірі;

- жер учаскесіндегі жылжымайтын мүлік туралы мәлімет.

Дипломдық жобада мемлекеттік ғылыми өндіріс орталығы жер қатынастары және жерге орналастыру институты техникалық жобасы, жер пайдалану жоспарлары, жоспарлы-картографиялық мәліметтері (М:1:100000) қолданылды.

Шаруашылықтың табиғи-климаттық жағдайы **Шаруашылық туралы жалпы мәліметтер**

Байзақ ауданы Жамбыл облысының оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Байзақ ауданының шекарасы Байзақ және Красногорск аудандарының біріктірілуі негізінде құрылды.

Әкімшілік шекара бойынша территориясы 897,4 мың га жерді алып жатыр, ол Жамбыл облысының территориясының 6,22% -ын құрайды. Оңтүстігінде Шу өзені бойымен Қырғызстан Республикасымен, солтүстік шығысында

Алматы облысымен және солтүстік батысында Жамбыл облысының Шу ауданымен шекараласып жатыр.

Ауданның әкімшілік орталығы Шу өзенінің оң жағалауында орналасқан Байзақ ауылы болып табылады. Аудан орталығы арқылы республикалық маңызы бар Алматы- Бішкек- Ташкент автомобиль жолы өтеді, осы жол бойымен қашықтығы 300 км орналасқан облыс орталығы Тараз қаласымен байланыс жүргізіледі.

Байзақ ауданының батыс жағында республикалық маңызы бар Байзақ – Шу жолы өтіп жатыр, осы жол бойымен аудан орталығы Байзақ ауылы мен ауданның батыс бөлігінде орналасқан Шу теміржол станциясы және шаруашылықтармен байланыс орнатылады.

Климаты

Байзақ ауданының климатының ерекшелігі болып жылдам континентальдылық табылады, яғни температураның аса жылдам өзгеруінен, қыстан жазға тез өтуінен, атмосфералық жауын-шашынның аздығынан және ауаның құрғақ болуынан байқалады. Аудан территориясындағы агроклиматтық жағдайлардың әртүрлілігін биік таулар мен жазықтықтардың үйлесімділігі байқатады.

Э.С. Зарембо классификациясы бойынша келесі агроклиматтың аудандарды бөлуге болады: Екінші құрғақ ыстық 3-өте құрғақ тау етегі; 4-таулы.

Аудан 2-ыстық құрғақ агроклиматтық аудан Байзақ ауданы территориясының аз ғана бөлігін алып жатыр, яғни Шу өзенінің оңтүстік-батыс жағалауы және Отар –Алматы темір жолының солтүстік жағындағы сызық.

Пайдалы температура қосындысы 3500-3700⁰ С шамасында, гидротермиялық коэффициент 0,3-0,5. Климаты салыстырмалы суық емес қысы ыстық және жазымен ерекшеленеді. Қаңтар айының орташа температурасы – 6,9⁰С болса, шілде айында – 24-25⁰С. Жазы өте құрғақ, ыстық. Жылдық жауын-шашын мөлшері – 200-300 мм. Жауын-шашынның көпшілігі наурыз-сәуір айларына келеді. Жылы кезеңдегі жауын-шашын мөлшері 160-180 мм. Ылғалдылығы 30%-дан төмен құрғақшылық жылына 120-140 күнді құрайды. Көктемгі ызғар сәуірдің екінші жартысында аяқталса, күзгі ызғар қыркүйектің

аяғында басталады. Аязсыз кезең ауада 145-190 күн, ал топырақта 130-170 күн сақталады. Биіктігі 15-30 см қар жамылғысы қыс бойы тұрақталады. Топырақ қабатының қату тереңдігі 40 см.

Бұл зонада суармалы егіншілік дамыған. Климаттық жағдайлар техникалық бақша дақылдарын егуге мүмкіндік тудырады.

3-аудан құрғақ тау етегі агроклиматтық аудан. Бұл аудан бүкіл территорияның оңтүстік –батыс және орталық бөлігін, сонымен қатар солтүстік таулы бөлігін алып жатыр (Анархай қ.). Температура қосындысы – 3000-3500⁰С, гидротермиялық коэффициент – 0,5-0,7. Температурасы 10⁰С-тан жоғары кезеңнің ұзақтығы – 160-180 күн. Шілдедегі орташа температура – 24-25⁰С, қаңтарда – 4,5-9,5⁰С. Жылдың жауын-шашын мөлшері 30-40 мм.

Төмен ауа ылғалдылығы жылына 120-130 күнді құрайды. Күзгі ызғар қыркүйектің ортасында басталатын болса, көктемгісі сәуір екінші жартысы-мамырдың басында аяқталады. Аязсыз кезең ұзақтығы -120-190 күн. Қыс 20-30 см қар жамылғысымен сипатталады.

Суғарылмалы егістікте техникалық дақылдар, ал батыс бөлігінде картоп та өсіру қолайлы, таулы бөлігінде мал шаруашылығы жақсы дамыған.

4- аудан таулы құрғақ және ыстық агроклиматтық аудан. Бұл жер Байзақ ауданының негізгі және орталық бөлігін алып жатыр. Температуралар қосындысы 3000⁰С –тан төмен, гидротермиялық коэффициент 0,7-ге тең. Аудан климаты құрғақ жазымен және суық қысымен ерекшеленеді. Ауа температурасының 10⁰С-тан төмен кезеңінің ұзақтығы 160 күн болса, шілдеде орташа температура -22⁰С, қаңтарда -7,5⁰С. Басқа агроклиматтық аудандарға қарағанда бұл ауданда жауын-шашын мөлшері көбірек. Ауа ылғалдылығының төмендігін жыл бойына 120 күн байқауға болады. Көктемгі ызғар мамыр айының екінші декадасында аяқталып, күзгі ызғар қыркүйектің бірінші декадасында басталады. Қар жамылғысы 80-160 күн сақталады, ал биіктігі 25-50 см-ден жоғары болады. Суармалы және богара егістік жерлері бар. Дәндө және техникалық дақылдар егіншілігі дамыған. Қырғыз тауларының солтүстік бөлігі жазғы жайылым, Шу-Іле тауларының бөктері –көктемгі –жазғы жайылым ретінде пайдаланылады.

Жер бедері

Байзақ ауданын жер бедері бойынша үш бөлікке бөлуге болады:

1. таулы аймақ;
2. тау етегіндегі әлсіз толқымалы жазықтық;
3. Шу өзені алқабы.

Шу-Іле таулары Байзақ ауданының шығыс және солтүстік-шығыс бөлігіндегі үлкен ауданды алып жатыр. Таулы массивтер теңіз деңгейінен 1700-2600 м биік жоталармен көрсетілген. Жоталар бағыты оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қараған. Ауыл шаруашылық қатынаста – бұл жерлер жаз мезгілінде пайдаланылатын жайылымдар, кейбір жеке учаскелер егістік ретінде де пайдаланылады. Екіншілік массивтері терең сайлар, жартастармен бөлінген, олар ауылшаруашылық техникасын қолдануда қиындық туғызады. Сондай-ақ кейбір учаскелер шабындық ретінде қолданылады. Анархай қойнауы ауданның солтүстік бөлігінде жатыр, ол теңіз деңгейінен 800-1000 м қыр ретінде бейнеленген. Қыс және көктем –күз мезгілдерінде қой жаюға қолданылады.

Тау етегі аймағы ауданның орталық бөлігін алып жатыр. Бұл жерге Шу-Іле таулары кіреді, ал жер әлсіз толқымалы тау етегі жазықтығы болып бейнеленген. Жыртылған егістік жерінің үлкен көлемі ауыл шаруашылығы техникасын қолдануда өте қолайлы.

Шу өзені алқабы өзен бойын жіңішке сызық болып алып жатыр, екі террасы ретінде көрсетілген. Бірі – терраса өзен суы деңгейінен 0,5 м биіктікте, сондықтан жиі су басып жатады. Жекелеген учаскелер батпақтану деңгейінде және қамыс көшеттері өте көп.

Шаруашылық қатынаста бұл территория жайылым және шабындық ретінде пайдаланылады. Терраса су деңгейінен 2,5-4,5 м биіктікте. Бұл учаскеде суармалы егіншілік жақсы дамыған.

Топырақ қабаты

Байзақ ауданының территориясы «Қазақстан жер қорын табиғи-ауыл шаруашылық аудандастыру» схемасына байланысты екі аймақта жатыр. Зерттелген территорияның орталық және оңтүстік-шығыс бөлігі Солтүстік Тянь-Шань округі (IX-2) Орта Азиялық таулы облысқа жатады.

Солтүстік және оңтүстік –батыс бөлігі Батыс-Қаратау-Қырғыз (VI-I-2) Оңтүстік Қазақстан провинциясының (VI-1) тау етегі – шөлді-далалық аймағында орналасқан.

Топырақ қабатының түзілуі жазда құрғақтық, ауа құрғақшылығымен, жауын-шашын мөлшерінің аздығымен, яғни жылдам континенталды климатымен сипатталады.

Топырақ қабатының түзілуіне бұл жердің климаты септігін тигізеді. Абсолютті көрсеткіштердің көтерілуіне байланысты ылғалдылық артып, температура төмендейді, климаттық жағдай топырақтың түзілу процесстеріне өте тиімді болады және гумус мөлшері жоғарылайды.

Таулы және тау етегі – шөлді –далалық аймақтың топырақ қабаты 4 түрлі топырақ аймағына бөлінеді: қара-қызғылт, ашық-қызғылт, солтүстік кәдімгі сұр топырақтар және солтүстік ашық сұр топырақтар.

Қара қызғылт топырақтар.

Бұл топырақтар Байзақ ауданының зерттелген территориясының оңтүстік-шығыс және орталық бөлігінде кең тараған.

Іле Алатау жер бедерінің тегіс болу жағдайында түзетілетін топырақтың абсолюттік биіктігі 1500-2600 м дейін жетеді.

Грунт сулары 10 м тереңдікте және топырақты түзуші процестерге әсерін тигізбейді.

Топырақ түзуші жыныстары элювиальды-делювиальды шөгінділерден , лестүрлі шөгінділерден, лестерден құралған.

Қара қызғылт топырақтар ішінде кәдімгі , карбонатты, әлсіз шайылған, әлсіз дамыған және аз дамыған түрлері кездеседі.

Ашық қызғылт топырақтар.

Аталмыш топырақтар аудан территориясының орталық және оңтүстік – шығыс бөлігінде орналасқан. Іле Алатауының төменгі таулы бедерінің батысында теңіз деңгейінен 780-1500 м биіктікте жатыр.

Топырақ құраушы жыныстары мықты лестүрлі шөгінділерден, кейде әлсіз сұрыпталған элювиальды-делювиальды шөгінділерден тұрады.

Грунт сулары 6 м-ден төмен тереңдікте жатыр және олар топырақ түзуші процестеріне әсерін тигізбейді. Осы топырақтар ішінде карбонатты, тұздалған, аздап тұзданған, жетілген және аз дамыған түрлері кездеседі.

Солтүстік кәдімгі сұртопырақтар.

Бұл топырақтың аудан жерінде таралуы өте үлкен. Оның құрылымы тау беткейлері мен Шу-Іле төменгі таулы аймақта болып Кіндіктас таулы өлкесінің аумағында және Іле Алатауының шетінде теңіз деңгейінен 710-1100 м биіктікте орналасқан.

Жер бедері толқымалы қыратты, соқпаңбы жекеленген өзеншелермен кесіліп тегістелген жазықтыққа ұласады.

Жер асты суларының орналасуы 6 м тереңдікте болып топырақтың құрылысна әсерін тигізбейді. Жер бетіндегі өсімдіктер дүниесі негізінен жусанды эфемерлер, тұздақты жусандардан тұрады. Оның құрамында ебелек, жыңғыл, мята бір жылдық шөп тұқымдары және қызғалдақтар өседі.

Топырақты құраушы жыныстары лестүрлі құмайтар мен элювиальды делювиальды шөгінділерден құралады.

Климатының ерекшеліктеріне байланысты негізіне сулардың әсерінен топырақтың қабатының қалыңдығы төмен, карбонатты қоспалар өте аз, төменгі қабатында тереңдеген сайын карбонаттар көріне бастайды. Алынған топырақ құрамында генетикалық құрылым көп бөлінбеген.

Топырақты құраушы жыныстардың мінездемесіне қарап топырақтың қалыңдығы анықталған, бұл құрамында тұзды қабаты, аздап тұзды жетілмеген түрлері кездеседі.

Ашық түсті солтүстік сұртопырақ.

Қаралып отырған топырақтардың бөлінуі Байзақ ауданының солтүстік және оңтүстік батыс бөлігінде анықталған. Жер бедері теңіз деңгейінен 530 дан 660 метрге дейін орналасқан Солтүстік бөлігінде аздап толқымалы жазықтықтың аяғы Жусан-Дала жазықтығына ұласады. Абсолюттік биіктігі 450-850 метрге дейін жетіп еңкіштігі оңтүстік батыстан солтүстік шығысқа бағытталады.

Топырақ құру жыныстары негізінен лестрлі құмайты болып элювильді тастақты шөгінділерден тұрады, кейбір жерлерде тау жыныстары жердің бетіне жақын орналасқан. Жер асты суы бұл ауданда 6 м ден төмен орналасқандықтан топырақтың құралуына әсерін тигізбейді.

Өсімдік дүниесі табиғи жусан өсімдік жерінен тұрады, кей жерлерінде ебелек тұқымдас өсімдіктер кездеседі.

Солтүстіктік ашық сұр топырақтардың сипаттамасы өзінің талдау жүйесіне сай генетикалық белдеулерден тұрады, оның құрамында тастақты қиыршықты құрылымдағы топырақтар жоғарғы қабатында басым, карбонаттар кездеседі, ал жауын құрттары тіршілік белгісі байқалмайды.

Зерттелген аудандарда бөлінген топырақ түрлері негізінен ашық түсті солтүстіктің сұр топырағы, бұлардың жетілуі төменгі деңгейде.

Шалғынды – кәдімгі солтүстік сұр топырақ зерттелген топырақтардың түсініктемесіне қарай отырып кәдімгі сұр топырақтардың орналасуы өзекшелердің жағалауларында, аралық жазықтықтарында, сай салалардың бойында кездесетіні анықталды. Бұл жерлерде топырақтың ылғалдылығы 2,5-4мден басталады, жер асты суларының деңгейі де жоғары, атмосфералық жауын-шашын сулары жеткілікті. Топырақ құру жыныстары лестрлі құмайттар болып келеді. өсімдік дүниесінің түрлері ши, ажырық, аздаған құрақ, ебелек болады.

Топырақ құрамындағы қара шіріктің деңгейі басқа жерлермен салыстырғанда біршама жоғарылау, төменгі қабатында карбонаттардың белгілері тұрады. Бұл шалғынды сұр топырақтардың топырағын 10%-тен тұз қышқылы мен тексеру кезінде қайнау реакциясын байқауға болады. Осы анализдердің арқасында жасалған қортындыларды қарай отырып топырағы аздап тұздалған онша жетілмеген құрылым екені анықталған.

Шалғынды сұртопырақ аймағы

Сипатталып отырған топырақтардың орналасуы Шу өзенінің арнасы бойындағы жазықтықта орналасқан, таулардан ағып келетін кішігірім өзендер мен өзектерден және жер асты суларының шығуы арқасында құралатын бұлақтардың маңызы зор.

Осы жағдайлардың арқасында және жер асты суларының жақын болуынан (1,5-3,0 м) топырақ құрылым жетілуі ерекше байқалады.

Көптеген жерлерде жоғарғы жер беті ылғалдылығы жоғары, ағынды сулармен суғарылған талаптарда анық көрінеді. Капиллярлық ылғалдылық тұрақты болғандықтан топырақтың ылғалы бір келкі болып отыр.

Табиғи өсімдіктер қабаты жердің ылғалдылық деңгейіне тікелей бағынышты және өзінің ерекшелігімен дараланады. Бұл жерлерде жабайы арпа, құраң, ажырың өседі. Топырақ құрамының тұздылығы жоғарлаған сайын сұр жусан және шидің өсуі ерекшеленеді. Бұл жерлердің биіктігі теңіз деңгейінен 50-75 метр. Топырақ құру жыныстары ауыр құмайты, төменгі қыртысы қиыршықты деңгейлермен (қабаттардан) тұрады. Бұл топырақтарда қарашірік көлемі жоғары, азоттың құрамы көп, карбонаты жоқтың қасы, олардың шайылған белгілерлі анық көрінеді.

Шалғынды сұр топырақты топырақ алқабы Байзақ ауданының жерінде генетикалық бөлінуіне қарай кәдімгі, сортаңды, сорлы аз жетілген түрлерден тұрады.

Өзен арналық шалғынды ашық қоңырқай, кәдімгі сұртопырақ, ашық кәдімгі сұртопырақтар.

Өзен арналық жазықтықтардағы топырақтардың құрылуы негізінен су жайылып басып жатқан жерлердегі шөгінді топырақтардан құрылады, жер асты сулары жер бетіне жақын (2,0-4,0м). Осының нәтижесінде топырақтарының түсі ерекшеленіп бөлініп отырады. Бұл топырақ түрлері негізінен Шу өзенінің арналық жазығында орналасқан және бұл топырақтың құрамы өзен арналарында (Жіңішке, Қарақоңыз, Ешкілі, Қастек, Қақпатас, Қалғұтты, Ырғайты, Ақалатас, Майбұлақ) кеңінен тараған. Тұздалған топырақтар өзен арналарының шалғынды батпақты жерлерінде кездеседі.

Бұл суреттелген учаскелердің пайдалануы егістікке, шабындыққа және жайылымға арналады.

Өсімдік қабаты

Ауданның жерлері шөлейтті ендікте орналасқан. Өсімдік дүниесінің түрлері континентальды климатқа бейімделген. Топырақ-климаттың жағдайы жердің теңіз деңгейіндегі әртүрлі биіктікке орналасуы арқасында өсімдіктердің түрлі ассоциясынан құрылады және осы климатқа бейімделген.

Өсімдік түрлері ландшафты белдеулерге байланысты. Шу-Іле уақшоқылы аймағының етегі және Қопа жазықтығында орналасуы арқасында жусан ефемерлерден тұрады, кей жерлерінде торанғы баялым, кейреуік өсімдіктері кездеседі.

Жетілмеген сұртопырақты жерлерде баялыш, жусанды кейреуік тұқымдас өсімдіктер солтүстікке қарай орналасқан жерлерде өзгеріп ауысып отырады. Арасында кездесетін тұздалған топырақты жерлерде бүйірген және қаражусанды (тұзға төзімді) өсімдіктер өседі.

Сулары тартылған, кеуіп бара жатқан өзен арналарында, төмен орналасқан жерлерде аздаған шалғындар кездеседі, бұл жерлерде ши, жусан, тұздақты шөптер бірлестігі кең тараған.

Оңтүстік шығыс бөлігінде (Анархай таулары, Құлжабасы) етектері мен сайларында негізінен жусан түрлері, шіліктер (тобылғы, тастарған) кездеседі.

Өсімдік дүниесінің көптеген түрлері Қопа жазықтығында кездеседі және олар таулы аймақтарға жақындаған сайын өзгеріп отырады. Бұл жерлерде құрақтар, ши тұқымдас өсімдіктер өседі. Жайылымдықтарды жүсіз пайдалану әсерінен кейбір пайдалы өсімдіктер тұқымымен түрлері кеміп келеді және шалғынды сұр топырақты жерлерде негізінен шабындық ретінде пайдаланылғанымен олардың өнімділігі төмен.

Қопа жазығы таулы аймақтарға ұласуына байланысты жер бедері ойлы-қырлы жазықтыққа жатады, топырақ құрылымы жетілмегендіктен өсімдік дүниесі де әртүрлі деңгейде кездеседі. Негізгі өсімдік түрлері эфемерлер жаз айларында сарғайып күйіп кетеді. Шөптерінің өсуі өте нашар.

Шу-Іле тауларының Қопаға қарай орналасқан аудандарында өсімдіктердің кездесетін түрлері негізінен жусанды эфемерлерлі бірлестіктерден тұрады. Таулы еңістіктер мен жыра сайларында шіліктердің көптеген түрлері кездеседі. Тау етегіндегі жазықтықтар кейбір жерлермен салыстырғанда өсімдіктер бай болып отырады және олар шабындықтарға пайдаланылады. Кейбір жоғары сапалы жерлері тіпті егістікке пайдаланылады, бұл жерлерге астықты дақылдарда егіледі.

Іле Алатауының төменгі жағында орналасқан белдеулерде күзде жетілетін жусанды өсімдіктер кеңінен орналасқан, ал Шу Іле тау етектерінде жусанды эфемерлер өседі. Эфемерлі өсімдіктер ерте көктемде өсіп жаз айларында ыстық ауаның әсерінен сарғайып күйіп кетеді, ұрықтануы жетілмей қалады, жетілген күнде ылғал болмаса өспейді. Күздегі түсетін жауын-шашын арқасында біршама өсіп жетілгенімен толық пайдалана алмайды.

Таулы аймақтардың, еңістік жазықтардың топырақ түрлері солтүстік ашық сұртопырақ болып келгендіктен өсімдік дүниесі онша жетілмеген.

Таулы етек жазықтарында әрқашан мал жаю кеңінен пайдаланатын болғандықтан сапалы өсімдер шөптер азайып отыр, олардың орнына сапасы төмен арам шөптер қаптап кеткен. Сондықтан да бұл жерлер жақсартуды талап етеді.

Тау етектері жазықтықтар біртіндеп Шу өзені арнасына жақындай бастайды. Бұл жерлердегі топырақтары шалғынды сұртопырақтар. Көптеген жерлері айдалған және олар астықтар мен техникалық дақылдарды өсіруге пайдаланылады.

Шу өзенінің арнасы бойындағы жерлерде шілікті тоғайлар өседі, жыңғыл, шеңгел т.б. жыныстар кездеседі.

Батпақтанған жерлерінде қамыс, құрақ т.б. өсімдіктер де өседі. Мұндай жерлер Шу өзені және Қопа өзекшелерінің бойында көптеген аумақты алып жатыр.

Жер беті және жер асты сулары

Ауаның жер аумағы бір келкі сумен қамтамасыз етілмеген. Таулы аймақтар жер беті және жер асты суларымен жақсы қамтамасыз етілсе, Қопа

жазықтығы мен солтүстікке қарай орналасқан жерлері ылғалмен нашар қамтамасыз етілген.

Шу-Іле таулары, Күнгеі Алатау таулы аймақтары онша биік болмаса да жауын-шашынға мол суландырылған жерлерге жатады. Оның басты көздері таудан ағатын ертінді сулар, тау бұлақтары, атмосфералық жауын-шашынның мол түсуіне байланысты. Ылғалдылық жүйелерінің бөлінуі осы таулардан ағып отырған суларға тікелей тәуелді.

Шу өзені Байзақ ауданының басты су қоры болып есептелінеді. Бұл өзен Қазақстан мен Қырғыз республикасының әкімшілік шекарасына жатады. Су алу бассейні Шу-Іле тауының етегі, Күнгеі, Алатау жоталары ал оңтүстігінде Қырғыз тауларының сілемдерінен құрылады.

Шу өзенінің негізгі басталуы және су жинауы таулардың басындағы қарлы шөгінді және мұз қабаттарының еруінен құралады. Сонымен қатар көптеген өзен өзекшелерден ағып келетін сулардан құралады.

Су жинауы оны пайдалану нәтижесі тау басындағы мұздақтардың, қарлардың негізгі қорына тәуелді кейбір жылдармен салыстырғанда тұрақты емес. Орташа жылдың су қорының мөлшері Байзақ ауылында $58 \text{ м}^3/\text{сек}$. Шу өзенінің су қорының көбейетін мезгілдері жаздың басы мен жаздың ортасында байқалады. Оның біріншісі таудағы қарлардың еру барысы болса, екіншісі тау басындағы мұздардың еруінен болады.

Шу өзеніне құятын Шу Іле тауынан ағатын Ырғайты, Қақпатас, Көкадыр, Қалғұты өзендерінің сулары негізінен қарлардың еруімен жауындардан құралады.

Бұл өзендер жаз айларында құрғап қалады, оның басты себебі жер асты су көздерінің жетіспеуінен. Таулардан шығатын бұлақтардың су мөлшері төмен болғандықтан, ол сулар Шу өзеніне дейін жетпейді. Шу өзеніне жететін суы молдау өзен бұл Ырғайды өзені. Оның өзінде тауға жауын-шашын мол түскен кезде болады.

Шу өзенінің бойындағы жазықтықта өзен суын пайдалану мейлінше жоғары, оның басты себебі аудан жерінде егілетін дақылдардың көбі суғарылады. Осы мақсатта аудан жер көлемінде Георгиевка, Благовещенка, Шортөбе каналдары салынған, ал осы каналдардан көптеген кіші каналдар мен арықтар суландыру жүйелерін құрайды.

Шу өзенінің суы өзінің минералдық құрамы бойынша орташа минералдылық құрамына жатады. Оның құрамы 0,2 ден 0,5-1 гр/литр мөлшерінде. Алайда пайдаланылған сулардың қайта өзенге құйылуы арқасында ол мөлшер 3 тен 5 г/литр деңгейіне дейін көтеріледі, соның есебінен судың құрамы сульфатты кейде хлорлы құрылымға айналады.

Жер асты суларының орналасуы аудан жерінің топырақ құрамына, олардың су сіңіру қабілетіне, жер бедеріне, атмосфералық суларға байланысты. Тау етегіндегі жазықтықтарда жер асты суының жатуы 6-10 метр болса, таулы аймақтармен сай-салаларда олардың тереңдігі 15-40 метрге дейін орналасады. Шу өзенінің арнасына жақындаған сайын жер асты суларының деңгейі жоғарылай түседі, яғни 2 ден 6 метр болады. өзен арнасы бойында ол тереңдік 0,5 тен 2 метрге жетеді. Судың минералдылығы 0,6 дан 4,2 г/литр мөлшеріне

дейін жетеді. Механикалық топырақ құрамы карбонатты, кальцилі кейде тұзды болады. Аудан жерінің солтүстік бөлігі су ресурстарына кедейлеу. Оның басты себебі атмосфералық жауын шашынның аз түсуінен және таудан ағатын өзендер мен өзеншелердің аздығынан. Бұл су көздеріне жататын Сарыбұлақ, Көгалы, Шеңгелді өзендері көктемгі еріген қар суларымен байланысты болғандықтан жаз айларында құрғап қалады. Кейбір өзендер мен өзекшелер бойында тоспа бөгеттер салынған, бірақ бұл су көздері егістіктерді суғаруға жетпейді, сондықтан тек мал шаруашылығын сумен қамтамасыз етуге пайдаланылады. Су қорын жинау тек жауын шашын есебінен тұрады және ол қор көктемдегі еріген қар мен жауған жаңбырдан 80% , жаздағы күздегі ылғалдардан 20% болады. Бұл жерлердің ылғалдылығының төмен болуы топырақ құрамының әртүрлі болуы мен өз бойына сақтағыштың қасиетінің төмен болуынан және жер асты суларының деңгейі өте төмен (20-100 м) жатқандықтан, осыған байланысты топырақ құрамы да өзгертіп отырады, әрі судың минералдылығы тұрақты болмайды, жоғары емес (0,2-0,3 г/литр).

Әдебиеттер:

1. Жер кодексі-Алматы, 2005ж.
2. Жер қатынастары және жерге орналастыру бойынша нормативті актілер жинағы №3. Алматы: Қаржы-Қаражат, 1996ж.
1. Жер қатынастары және жерге орналастыру бойынша нормативті актілер жинағы №4. Алматы: Қаржы-Қаражат, 1997ж.
2. Волков С.Н.- Жерге орналастыру экономикасы. Оқулық. М:Колос,1996ж.
3. Гендельмен М.А. және т.б. Жерге орналастырудың ғылыми негіздері. Лекция курсы. Астана,1995ж.
6. Магазинщиков П.П. Жер кадастры
7. Сейфуллин Ж.Т. Жер кадастры.
8. Есполов Т.И., Сейфуллин Ж.Т. Управление земельными ресурсами, 2003ж.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	4
1. Жалпы ережелер.....	5
2. Өндірістік тәжірибенің мақсаты және міндеті.....	5
3. Студенттердің өндірістік тәжірибесін ұйымдастыру және жүргізу бойынша іс шаралар.....	6
4. Тәжірибені ұйымдастыру және басқару.....	7
5. Өндірістік тәжірибенің мазмұны.....	8
6. Тәжірибелік күнделікті жүргізу.....	9
7. Тәжірибенің қорытындысы.....	10
8. Өндірістік тәжірибенің есебінің мазмұны.....	10
9. Тәжірибенің қорытындысы бойынша аттестация.....	11
Қосымша 1.....	12
Қосымша 2.....	19
Әдебиеттер тізімі.....	38

Пішімі 60x84 1/12
Көлемі 27 бет 2,25шартты баспа табағы
Таралымы 20 дана.
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.
Ақтау қаласы, 32 ш/а.

